

"Қазақстанды индустрияландырудың 2010-2014 жылдарға арналған картасы туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 1206 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2014 жылдарға арналған картасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы туралы
» ;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«1) 2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы;»;

2, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысын бақылау жөніндегі жауапты мемлекеттік органдар ай сайынғы негізде «Жобаларды басқарудың ақпараттық-талдамалық жүйесі» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – жобалық офис) толтыруды қамтамасыз етсін және жобалардың іске асырылу барысы туралы есептерді есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар және Экономикалық даму және сауда министрліктеріне ұсынсын.» ;

«4. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жобалардың іске асырылу барысының мониторингі бойынша ақпарат берсін.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесі базасында жобалық офистің техникалық жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамы (келісім бойынша) жобалық офисті ақпараттық, әдіснамалық, талдамалық және бағдарламалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.» ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2014 жылдарға арналған картасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **К. Мәсімов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 17 қыркүйектегі
№ 1206 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 14 сәуірдегі
№ 303 қаулысымен
бекітілген

2010 – 2014 жылдарға арналған республикалық индустрияландыру картасы

Р/с №	Жобаның атауы	Жауапты мемлекеттік орган немесе ұлттық холдинг	Өңір	Жобаға өтініш беруші	Іске асыру мерзімі*/ Жобаның мәртебесі	2012 жылға инвестицияларды игеру жоспары, млн. теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.	Болат өндірісін жылына 6 млн. тоннаға дейін ұлғайта отырып, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ны дамыту және жаңғырту	ИЖТМ	Қарағанды облысы	«Арселор Миттал Теміртау» АҚ	2010 – 2015 жылдар	7 677
2.	Ақтөбе қаласында жаңа ферроқорытпа зауытын салу (№ 4 цех)	ИЖТМ	Ақтөбе облысы	«Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ	2009 – 2013 жылдар	33 890
3.	Хромтау қаласында жаңа ферроқорытпа зауытын салу (№ 5 цех)	ИЖТМ	Ақтөбе облысы	«Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ	2012 – 2019 жылдар	375
4.	Металданған өнім өндіру зауытын салу	ИЖТМ	Қостанай облысы	«Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ	2011 – 2014 жылдар	2 533
5.	Бозшакөл КБК салу	ИЖТМ	Павлодар облысы	«Kazakhmys Bozshakol (Қазақмыс Бозшакөл)» ЖШС	2010 – 2014 жылдар	83 298
6.	Ақтоғай КБК салу	ИЖТМ	ШҚО	«Kazakhmys Aktogay (Қазақмыс Ақтоғай)» ЖШС	2011 – 2014 жылдар	2 890

7.	Феррокорытпа өндірісін және оның шикізаттық базасын, қуатын жылына 300 мың тоннаға дейін феррокорытпаға жеткізе отырып, әртараптандыру және кеңейту	ИЖТМ	Жамбыл облысы	«Тараз металлургия зауыты» ЖШС	2011 – 2014 жылдар	0
8.	Қостанай қаласында ұсақ сұрыпты илек станын салу	ИЖТМ	Қостанай облысы	«Евраз Каспиан Сталь» ЖШС	2010 - 2013 жылдар	2 277
9.	Өскемен қаласында толық циклді автозауыт және автоқұрамдауыштар шығаратын технопарк салу	ИЖТМ	ШҚО	«Азия Авто» АҚ	2010 – 2015 жылдар	13 552
10	Қазақстан Республикасында жүк вагондарын шығаратын қуаттар құру	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Павлодар облысы	«Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС	2009 – 2011 жылдар	0
11	Электровоздар жасауды ұйымдастыру	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Астана қаласы	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	2011 – 2012 жылдар	8 069
12	КАZ PV қазақстандық кремний негізінде фотоэлектрлік модульдер өндірісін құру	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Алматы облысы, ШҚО және Астана қаласы	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	2010 – 2014 жылдар	12 396
13	Минералдық тыңайтқыштар шығаратын зауыт салу	ИЖТМ	Жамбыл облысы	«ЕвроХим-Тыңайтқыш» ЖШС	2012 – 2017 жылдар	1 055
14	Аммиак, азот қышқылы және аммиак селитрасы өндірісін жаңғырту	ИЖТМ	Маңғыстау облысы	«ҚазАзот» ЖШС	2011 – 2012 жылдар	3 596
15	Өндірістік қуаты жылына 180 мың тонна күкірт қышқылы зауытын қайта жаңарту	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Ақмола облысы	«Қазатомөнеркәсіп-КҚЗ» БК» ЖШС	2010 – 2012 жылдар	5 351
16	№ 3 ст. энергия блогын орнатып, Екібастұз МАЭС-2 кеңейту және қайта жаңарту	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Павлодар облысы	«Самұрық-Энерго» АҚ	2009 – 2013 жылдар	11 687
17	Екібастұз МАЭС-1 кеңейту және қайта жаңарту	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Павлодар облысы	«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	2010 – 2014 жылдар	13 732

18	Балқаш ЖЭС-ін салу	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Алматы облысы	«Самұрық-Энерго» АҚ	2010 – 2015 жылдар	5 173
19	Шардара ГЭС-ін жаңғырту	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	ОҚО	«Самұрық-Энерго» АҚ	2011 – 2015 жылдар	429
20	Қазақстанның ұлттық электр желісін жаңғырту, II-кезең	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Өңіраралық жоба	«KEGOC» АҚ	2009 – 2016 жылдар	9 300
21	«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының инфрақұрылымын салу	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Алматы облысы	«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ	2005 – 2018 жылдар	11 194
22	Қарағанды облысындағы Индустриялық парктің инфрақұрылымын салу	ИЖТМ	Қарағанды облысы	«Сарыарқа» ӘКК	2007 – 2012 жылдар	5 079
23	«Абу-Даби Плаза» көпфункционалдық кешенін салу	ИЖТМ	Астана қаласы	«Aldar Properties PJSC» ЖШС	2010 – 2014 жылдар	
24	«Кендірлі» курорттық демалыс аймағын дамыту	ИЖТМ	Маңғыстау облысы	Маңғыстау облысының әкімдігі	2010 – 2015 жылдар	300
25	Ақмола облысының Бурабай ауданындағы «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының шекараларында туристік ойын-сауық кешенін салу	ИЖТМ	Ақмола облысы	«Tourism Borovoe City» ЖШС	2009 – 2021 жылдар	9 700
26	Шымкент қаласында «Химфарм» АҚ-ның өндірістік қуатын кеңейту	ИЖТМ	ОҚО	«Химфарм» АҚ	2009 – 2013 жылдар	3 791
27	Интеграцияланған газ-химия кешенін салу	МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Атырау облысы	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС	2010 – 2016 жылдар	48 672
28	«Бейнеу-Шымкент» газ құбырын салу	МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Өңіраралық жоба	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2011 – 2015 жылдар	239 549
29	Ақтау пластикалық массалар зауытында жол битумдарын шығару	МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Маңғыстау облысы	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2010 – 2012 жылдар	39 078
30	Атырау МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	МГМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Атырау облысы	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	2009 – 2014 жылдар	134 842

31	«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізін қайта жаңарту	ККМ	Өңіраралық жоба	ККМ	2007 – 2015 жылдар	176 715
32	FTTH (Fiber to the Home) желілерін салу	К К М , Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	« Өңіраралық жоба	«Қазақтелеком» АҚ	2010 – 2014 жылдар	15 027
33	«Жезқазған-Бейнеу» жаңа темір жол желісін салу	К К М , Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	« Өңіраралық жоба	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	2009 – 2012 жылдар	16 804
34	«Арқалық-Шұбаркөл» жаңа темір жол желісін салу	К К М , Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	« Өңіраралық жоба	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	2009 – 2012 жылдар	2 893
35	Алматы облысында Алматы қаласының 4 серіктес қаласын салу (1-кезең)	ҚТКШПА	Алматы облысы	«G4 City» ЖШС	2008 – 2031 жылдар	4 065
36	«KazSat» спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2006 – 2013 жылдар	10 500
37	«Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ҒЗК құру	ҰҒА	Қызылорда облысы	ҰҒА	2005 – 2017 жылдар	0
38	Ғарыш аппараттарын құрастыру-сынау кешенін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2008 – 2013 жылдар	11 034
39	Қазақстан Республикасының Жерді қашықтан зондтау ғарыш жүйесін құру	ҰҒА	Астана қаласы	ҰҒА	2006 – 2014 жылдар	10 143
40	Қарашығанақ және Қашаған кен орындары шикізаттарының базасында мұнай-химия өндірісін ұйымдастыру	М Г М , Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	« Атырау облысы/ БҚО	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
41	Бутадиен және синтетикалық каучук өндірісі	М Г М , Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	« Атырау облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
42	Кальциленген сода өндірісі	ИЖТМ, Жамбыл облысының әкімдігі	Жамбыл облысы	Компания «Енким»	Перспективалық	-
43	Алматы қаласындағы әлемдік деңгейдегі тау-шаңғы курорты	ИЖТМ, Алматы қаласының әкімдігі	Алматы қаласы		Перспективалық	-
44	Торғай ЖЭС салу	ИЖТМ	Қостанай облысы		Перспективалық	-

45	Ақтау қаласында бу-газ құрылғысын салу	ИЖТМ, «Ақтау Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Ақтау қаласы	«Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ	Перспективалық	-
46	Қарағанды ЖЭО-4	ИЖТМ, Қарағанды облысының әкімдігі	Қарағанды облысы		Перспективалық	-
47	Қарағанды кешенді құйма зауытын салу, жылына 250 000 тонна	ИЖТМ	Қарағанды облысы	«ҚР МШКӨ ҰО» РМК	Перспективалық	-
48	Петропавл және Қарағанды қалаларына бұра отырып « Қарталы-Тобыл-Астана » магистралдық газ құбырын салу	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Өңіраралық	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	Перспективалық	-
49	БҚО-да Қарашығанақ газ өңдеу зауытының құрылысы	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	БҚО	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	Перспективалық	-
50	Маңғыстау облысында полимерлі өнім өндірісі	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Маңғыстау облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
51	Атырау облысында полимерлі өнім өндірісі	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Атырау облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
52	Аффинаж зауытын салу	ИЖТМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Астана қаласы	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Перспективалық	-
53	Шымкент МӨЗ қайта жаңарту және жаңғырту	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	ОҚО	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Перспективалық	-
54	Павлодар мұнай-химия зауытын қайта жаңарту және жаңғырту	МГМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Павлодар облысы	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Перспективалық	-
55	Үшхлорлы фосфор өндірісі	ИЖТМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Жамбыл облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
56	Глифосат (гербицид) өндірісі	ИЖТМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Жамбыл облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
57	Каустикалық сода және хлор өндірісі	ИЖТМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Жамбыл облысы	«Бірлескен химия компаниясы» ЖШС	Перспективалық	-
58	Ерейментау қаласы ауданында 300 МВт дейін кеңейте отырып, қуаты 50 МВт ЖелЭС салу	ИЖТМ, « Самұрық-Қазына » ҰӘҚ» АҚ	Ақмола облысы	АҚ «Самұрық Энерго»	Перспективалық	-

59	Перспективада 300 МВт дейін кеңейте отырып, қуаты 60 МВт «Шелек-1» ЖелЭС салу	ИЖТМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	«Алматы облысы	АҚ «Самұрық Энерго»	Перспективалық	-
----	---	--------------------------------	----------------	---------------------	----------------	---

* іске асырылуы республикалық бюджеттен қаражат бөлуге де байланысты жобалар бойынша тиісті кезеңдерге арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат көлеміне орай нақтыланатын болады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

ҚТКША - Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ҰҒА - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

ШҚО - Шығыс Қазақстан облысы

ОҚО - Оңтүстік Қазақстан облысы

ӘКК - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация

МӨЗ - мұнай өңдеу зауыты

КҚЗ - күкірт қышқылы зауыты

ЖЭС - жылу электр станциясы

КБК - кен байыту комбинаты

ҒЗК - ғарыш зымыран кешені

ГЭС - су электр станциясы

МАЭС - мемлекеттік аудандық электр станциясы

ЖЭО - жылу электр орталығы

ҰЭЖ - ұлттық электр жүйесі

АҚ - акционерлік қоғам

БК - бірлескен кәсіпорын

ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	- «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы»;
«Тау-Кен Самұрық» ҰТК»	- «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
БҚО	- Батыс Қазақстан облысы
«ҚР МШКӨ ҰО» РМК	- «Қазақстан Республикасы минералды шикізаттарды кешенді өңдеу ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік к а с і п о р ы н
ЖелЭС	- жел электр станциясы